

## **Алға ауданы бойынша салық салу объектісінің орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициентін бекіту туралы**

Ақтөбе облысы Алға ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 8 сәуірдегі № 130 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 11 сәуірде № 6092 болып тіркелді.

### **РҚАО-ның ескертпесі!**

Қаулы 01.01.2020 басап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31, 37 баптарына, Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Кодексінің 529 бабының 6 тармағына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алға ауданы бойынша салық салу объектісінің орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициенті қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. "Алға аудандық экономика және бюджетті жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны Ақтөбе облысы Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны мерзімді баспа басылымдарында және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы қаулыны Алға ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Алға ауданы әкімінің орынбасары Г. Ахметоваға жүктелсін.

4. Осы қаулы 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Н. Алдияров

КЕЛІСІЛДІ:

"Алға ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесінің басшысы

С. Мұқанов

15 наурыз 2019 жыл

Алға ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 8 сәуірдегі № 130 қаулысына қосымша

**Алға ауданы бойынша салық салу объектісінің орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициенті**

### ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Қосымша жаңа редакцияда көзделген - Ақтөбе облысы Алға ауданы әкімдігінің 27.09.2024 № 237 қаулысымен (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Ақтөбе облысы Алға ауданы әкімдігінің 13.11.2023 № 305 қаулысымен (01.01.2024 бастап қолданысқа енгізіледі).

№ р/н	Округтің атауы	Елді мекен	Аймаққа бөлу коэффициенті
1.	Алға қаласы	Алға қаласы	2,1
		Подхоз тұрғын үй алабы	1,5
2.	Ақай ауылдық округі	Ақай ауылы	1,95
		Көлтабан ауылы	1,4
3.	Бесқоспа ауылдық округі	Есет батыр Көкіұлы ауылы	2,05
		Қызылту ауылы	1,15
4.	Бестамақ ауылдық округі	Бестамақ ауылы	2,2
		Бесқоспа ауылы	1,95
5.	Қарағаш ауылдық округі	Самбай ауылы	2,05
		Нұрбұлақ ауылы	1,85
6.	Қарабұлақ ауылдық округі	Қарабұлақ ауылы	1,95
		Амангелді ауылы	1,60
7.	Қарақобда ауылдық округі	Қарақобда ауылы	1,95
		Ерназар ауылы	1,25
		Құмсай ауылы	1,25
8.	Маржанбұлақ ауылдық округі	Маржанбұлақ ауылы	2,05
		Қайыңдысай ауылы	1,85
9.	Сарықобда ауылдық округі	Сарықобда ауылы	1,95
		Болгарка ауылы	1,95
10.	Тамды ауылдық округі	Тамды ауылы	1,95
		Еркінкүш ауылы	1,60
		Талдысай ауылы	1,70
11.	Токмансай ауылдық округі	Қайнар ауылы	2,05
		Токмансай станциясы	1,50
		Токмансай ауылы	1,95
12.	Үшкұдық ауылдық округі	Үшкұдық ауылы	2,05
		Жерұйық ауылы	1,75
		Ақсазды ауылы	1,15
13.	Қарақұдық ауылдық округі	Қарақұдық ауылы	1,95
		Көктоғай ауылы	1,65
		Тікқайың ауылы	1,65

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК